

ӘОЖ 82.09

## XIX ҒАСЫР ПОЭЗИЯ ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

*Бекмаханбет И.С., Елен А.Н.,  
Қазақ және орыс филологиясы  
факультетінің, «Қазақ тілі мен  
әдебиеті» мамандығының  
3 курс студенттері, ҚМПИ  
Сейсембай Г.А.,  
аға оқытушы, ҚМПИ*

### *Аннотация*

*Ұсынылып отырған мақала XIX ғасыр қазақ ақындары шығармаларында кездесетін қазіргі таңда мағынасы күңгірттенген түсініксіз деп танылатын сөздердің мағынасын ашуға арналған. Ақындар шығармашылығында түрлі тарихи оқиғаларға байланысты мағынасы күңгірттенген сөздер жиі кездескен. Зерттеу жұмыстары арқылы ақындар шығармаларындағы осындай мағынасы түсініксіз сөздердің мағынасы ашылып, шығу тәркініне қарай топтарға бөлінді. Нәтижесінде ақындар шығармашылығына тән ерекшеліктер мен олардың сөз қолданыстары анықталды. XIX ғасыр ақындары тіліндегі мағынасы түсініксіз сөздер толықтай жинақталып, сөздік құрастырылды.*

### *Аннотация*

*Предлагаемая статья о произведениях казахских поэтов XIX века, в которых в настоящее время слова признаваемые тусклыми, непонятными значениями расшифрованные и открытые по смыслу. В произведениях поэтов чаще всего встречаются слова связанные с различными историческими событиями. По исследовательской работе в произведениях поэтов были открыты значения слов и их происхождения были разделены по группам. В результате были определены особенности их словоупотребления и личные особенности поэтов. Слова в произведениях казахских поэтов XIX века с непонятными значениями полностью собрались и из этих слов был составлен словарь.*

### *Abstract*

*The preposed article on the works of Kazakh poets the 19-th century which is now meaning of words recognized as the dim unclear. Values described and opened. In the works of poets the most common words associated with different historical events. For research in the works was open meaning of words and their origin were divided into groups. As a result indentified peculiarities of their use of the word and personal features of poets. All unclear words on the works of Kazakh poets 19-th century were collected and of these words was complited dictionary.*

*Түйінді сөздер: XIX ғасыр ақындары, түсініксіз сөздер, тарихи сөздер, актив сөздер, лексикалық қор, сөздік.*

*Ключевые слова: поэты XIX века, непонятные слова, исторические слова, активные слова, лексический запас, словарь.*

*Key words: poets of the 19<sup>th</sup> century, unknown words, historical words, active words, vocabulary, dictionary.*

### **Кіріспе.**

XIX ғасыр қазақ әдебиеті ақындарының шығармашылығы әдебиет айдынынан алатын орны зор. Олардың шығармалары әлеуметшілдік сарынды көбейткен тарихи оқиғалардың бірі Ресей империясына бодан болумен тікелей байланысты. Сол себепті ел ішіндегі өзгеріс-

тер, қанаудың күшейуі халықтың тіршілік ету аясының тарылуы, ұлттық намыстың тапталуы XIX ғасыр қазақ ақындары шығармаларында кеңінен бейнеленді. Шығармалары әлеумет халін ұғып, ел қамын жақтауға кірісіп өлең бұрынғыша, қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастады, елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдердің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрауға кірісті, бұл уақытқа дейін болмаған әлеуметшілік сарыны азаматтық сарыны бой көрсетті.

XX ғасырдың I жартысындағы қазақтың төл әдеби тілінің лексикалық құрамының негізі -алдыңғы дәуірлерден сұрыпталып, нормаланып келген сөз байлығы болды. Оның басымы -қазақтың өз сөздері, екінші қабаты- араб-парсылық кірме сөздері. Сондықтан бұл кезеңде өздері білдіретін зат, ұғымдардың өмірден бірте-бірте қалып бара жатқанына қарай және сөз мағынасының ішкі семантикалық қозғалысына орай кейбір сөз топтарына немесе жеке элементтерінің тіл тәжірибесінен ығыса бастаған және керісінше қазақ даласына XIX ғасырда келе бастаған жаңа әлеуметтік, экономикалық құбылыстарға байланысты көптеген соны сөздер пайда бола бастады. Сол сөздер қазіргі таңда күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтындықтан көпшілікке түсініксіз болуы әбден мүмкін. Соның ішінде XIX ғасыр қазақ әдебиеті ақындар шығармалары мектеп бағдарламасында оқылатындықтан шығармаларында кездесетін түсініксіз сөздер оқушыларға көп қиындық тудырады [Р.Сыздықова «XVIII-XIX ғ.ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы». Алматы 1984 ж. 118-бет].

Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде де, ауызша әдеби тілінде де араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздер қай кезеңде едәуір орын алып келді. Оған Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтардың ислам дініне енуі, там-тұмдап болса мұсылманша оқу-ағартудың орын алуы, орта ғасырлық түркі әдебиетінің қазақ қауымына да таныс болуы сияқты факторлар себеп болды.

Біз әңгіме етіп отырған кезеңдегі қазақтың көркем әдебиеті тілінде араб-парсы сөздері едәуір мөлшерде кездеседі. Олардың бір тобын бұрынғысынша, абстракт ұғымдарды білдіретін, халық тіліне сіңген сөздер құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар мен ритуал атаулары және атаулары және дін иелерінің аттары құрайды. Одан қалды, бұл қатарда мәдени-рухани дүниеге қатысы бар сөздер тұрады.

Араб-парсы сөздік қабаты барлық ақындарда бірдей емес, олар Махамбет, Шернияз, Алмажан өлеңдерінде өте аз, барлары халық тілінде қалыптасқандар. Бұл осы ақындардың тақырыптарына да байланысты: халық көтерілісін, немесе сол көтерілістің басшыларын, я болмаса қара басының хал-жағдайын сөз еткен өлеңдерде араб-парсы сөздері кемірек ұшырайды [Бизақов С. Варианттылық және әдеби норма. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, 8-бет].

**Материалдары мен әдістері:** зерттеу жүргізу кезінде XIX ғасыр ақындары шығармалары сараланып, талданды. Талдау барысында ақындар шығармашылығындағы мағынасы түсініксіз сөздер теріліп, олардың мағыналары ашылды. Жинақталған мағынасы көмескі, түсініксіз сөздер шығу төркініне қарай мағыналық топтарға топтастырылды. Нәтижесінде поэзия өкілдерінің сөз қолданыстары мен түсініксіз сөздердің мағынасы анықталды.

### **Талқылау.**

Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі ілгергі дәуірлердегі жаугершілік мотивтегі әдебиет үлгілерінің тілін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік туғызды. Демек, жаугершілікке қатысты бұрынғы образдар, оларды жасайтын тілдік құрал-тәсілдер молынан пайдаланылды. Бұл әсіресе жауынгер ақын Махамбетте күшті сезіледі. Оның тілінде бұрынғы *найза, садақ, сүңгі, жебе, қорамсақ, адырна, сауыт, оқ, кіреуке, дулыға* деген қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары да қол, шерік, (әскер), ер, жолдас, азамат аламан сияқты «қару ұстайтындардың» атаулары да өз мағыналарында еркін жұмсалады. Олар бұрынғыша тұрақты эпитеттермен келіп, образ жасауға да актив қатысады;

Алты құлашақ найза, толғамалы найза, қималы найза, қоңыраулы найза, садақ толған сай кез оқ, қызыл сырлы жебе, қозы жаурын оқ, сұр жебелі оқ т.б. Бұл кезеңде тек Махамбет емес, жалпы батырлық жаугершілік тақырыпты да сөз еткен өзге ақындар да бұрынғы әскери

сөз қоймасына жүгінеді. Мысалы: «Еспембет» поэмасында Дулат та *кіреуке, жеңсіз, берен, адырна, бадана көз тоғыз тор сауыт, сары ырғай садақ, найза, семсер, оқ, білтелі* сөздерін қолданады. Сонымен қатар, бұларда *әскер* сөзі жандана бастайды, ол бұрынғы *шерік, қол* сөздерінің тепе-тең баламасы ретінде жиі жұмсалады. Бірақ осы атаулар әдебиет үлгілерінде азая береді. Тіпті, «Мен едім Исатайдың Шерниязы» деп өткен Шернияз ақында соғысқа, ұрысқа қатысты сөздер әлдеқайда кем ұшырасады, XIX ғасырдың I жартысындағы аты аталғандардан өзгелерде олар тіпті жоққа тән. Тілдегі өзгерістердің қауырт болмауының екінші себебі әдеби тілдің дамуындағы іліктестікке байланысты. Мысалы: «орда», «хандық», «жұрт» мағынасындағы байтақ «қазақ халқы» ұғымын білдіретін «алаш», «рулас ағайын», мәніндегі қарындас, «алыс», «шет аймақ» мағынасындағы қырым, «тұтқын» мағынасындағы жетім, «занды», «заңсыз» деген ұғымдарды беретін теңдікті, теңсіздікті сөздері, «ұл, бала» мағынасындағы көбеген, көбек, ұлан «ойрандалу, жаудан жеңілу» ұғымындағы бұлу, «қол астындағы халық» мәніндегі астана жұрт, аса жұрт, әлеуметтік топ ұғымындағы бұзық, оның синонимі тентек, «ұрыс» мағынасындағы соғыс, «жазу» мағынасындағы «сызу» сөздерінің 60-70 жылдарға дейінгі қазақ әдеби тілінде орын алып келуі – әдеби тіл дәстүрінің жемісі. Бұл сөздердің барлығы бұрынғы эпитеттермен, кесу үлгілерімен сақталып, әрдайым дерлік образ үшін қолданады. Махамбет: Алты сан алаш ат бөліп, Тізгінін берсе қолыма десе, алты сан алаш «көпшілік ел» дегенді білдіріп, тұтас сөйлем «қолға ерік тисе, еркім болса» дегеннің образын жасайды. Сонымен қатар бұл кезеңде қоғам өмірінің, оның әлеуметтік, экономикалық жай-күйін, өзгеріс-жаңалықтарын суреттеу көркем әдебиеттің басты тақырыбы болғандықтан, ел басқаруға, әкімшілікке, әлеуметтік құрылысқа қатысты ұғымдарды атайтын сөздердің бұрынғылары (мысалы, хан, ханзада, ханым, ханша, төре, сұлтан, би) өздерінің атауыш мағыналарында актив қолданылып, сөздік қорына қосыла бастайды. Айталық, патша сөзі екі түрлі мағынада жұмсалады: бірі- жалпы билеушіні атайды, ол образ үшін айтылады. Екіншісі – Атақты бір әмірші – Ресей империясының монархын атайды. Сол сияқты халық сөзі екі түрлі мағынада жұмсала бастайды: бірі және бастысы – оның «жұрт, көпшілік» ұғымында қолданылуы. Мысалы: Қол астында халқының бәрін бірдей көрген соң (Дулат); халқымнан безіп барамын (Алмажан); Сүйткен бір қайран халқым-ай, Қасыма бір келмедің (Махамбет); Екіншісі – осы күнгідей жалпы мағынада. [Р.Сыздықова «XVIII-XIX ғ.ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы». Алматы 1984 ж. 123-бет].

XIX ғасырдың ортасында ене бастаған жаңа сөздердің бірі – Шортанбай сияқты ақындардың таным тұрғысынан бағалаған зар *заман, ақыр заман, заман ақыр* тіркестері. Соңғы тіркес әдетте, діни ұғымға қатысты бұрыннан бар болғанмен, енді ол зар заман дегеннің синонимі ретінде де келеді. Әсіресе, бұл кезде тілде билеуші топ пен бағынышты қалың бұқараны, бай мен кедейді қарама-қарсы қойып, ажыратып атау тенденциясы күшті. Бұл топқа патша үкіметінің қазақ даласын билеу жөніндегі 1822-1868 жылдардағы реформаларынан кейін енген *аға сұлтан, болыс, майыр, старшын, онбасы, елубасы, ұлық, тілмаш, қара шығын, алым-салық, шаңырақ салығы, зекет, қайыр, абақты, малды қағаздату* сияқты сөздер жатады. Ондаған жаңа ұғымдардың атаулары қазақ тілінің өзінде бұрыннан бар сөздер болғанмен, олардың ендігі беретін мағыналары нақтылы бір әкімшілікке, шаруашылыққа байланысты жаңа болып келеді. Сауданың оның ішінде орыс саудасының қазақ жерінде күшейе түсуіне байланысты қолданылатын сөздердің ішінде бұрыннан бар *сауда, саудагер, ақша, бұл, сату, батпан, таразы* сияқтылар жиірек ұшыраса бастайды. Оның үстіне *пайда, өсім, несие, қарыз* деген сөздер терминдік дәрежеге көтеріліп, белгілі бір сауда ақша операцияларының атауларын білдіретін болады. Сірә, теңге, сом, тиын, кір сияқты сөздер осы кезеңде ғана енген немесе активтенген элементтер болар. Біздіңше, қазақ тілінде, сайлау, атқамінер, ел пысығы деген сөздер де өткен ғасырдың орта тұсында пайда болғандар. Сайлау- әкімшілік жүйесіндегі жаңа тәртіпке сай актінің атауы.

Қазақ қоғамының жаңа кезеңіндегі әлеуметтік топтардың атауларының ішінде 50-70 жылдардағы әдеби тілде жиі қолданылған сөздердің бірі- ұлық. Бұл да қазақ жеріндегі орыс империясының жаңа әкімшілік саясаты мен құрылысына қатысты терминделе бастаған атау.

Бұл сөзбен қазақтардың өз ішінен шыққан әкімдердің де, орыс әкімшілерін де атайды. Әкімшілік жүйесіндегі адамдардың пара алуы, ірі байлардың мал ұрлығын кәсіпке, дағдылы әрекетке айналдыруы қазақ әдеби тілінде *парақор*, *ұры*, *ұры-қары* сөздерін де әлеуметтік терминология саласына шығарған. Бұл кездегі тілде қолданылған ұры сөзі жай ұрының емес, қоғамдық мәні бар әктіге өз бетімен немесе көбінесе арнайы арнайы жұмсаумен араласатын адамды білдіреді. Көркем әдебиет тіліне еркін және жиі ене бастаған сөздердің келесі тобы – оқу-ағарту, мәдениетке қатыстылар. Біріншіден, біртабан ілгері, жылжыған қазақ қоғамында оқу, рухани дүние сөз бола бастауы – заңды құбылыс, екіншіден, Махамбет, Дулат, Сегізсері, Шортанбайлар мұсылманша сауатты ақындар болғандықтан, оқу-білімді, өнерді сөз етпей немесе осы салаларға қатысты сөздерді не тура мағынасында, не образ үшін пайдаланбай отыра алмағандары және түсінікті. Сондықтан өткен ғасырдың 1 жартысында-ақ әсіресе, 50-70 жылынан бастап, қазақтың төл әдеби тілінде молда- молла, сабақ-сабақ алу сөздері қолданылады. Бұлардың ішінде *хат*, *насихат*, *ғылым*, *сызу* сөздері ол кезде осы күнгі мағынасынан өзгеше жұмсалған, қалғандарының мағынасы қазіргі кездегідей түрде қалыптасып, бізге жеткен. Әсіресе, өнер, өнерпаз, ақын, кітап оқуға байланысты мәндегі абақ, сабақ оқу мұғалім мәніндегі ұстаз сөздерінің осы күнгі мағыналары өткен ғасырдың орта шендерінде пайда болып, қалыптасқан деп табамыз. Біз талдап отырған кезеңдегі әдеби үлгілердің тілінде бұл күнде сол мағынада актив жұмсалмайтын және бір алуан сөздер бар. Олардың бірқатарын не көне, не жергілікті сөз деуге де болмайды. Мысалы: Махамбет шығармаларында *ереуіл*, *қалыптан*, *қу толағай бастану*, *мінкен*, *қырқалану*, *керіскен*, *емсеу*, *жемсеу*, *кескекті ер*, *мейманасы тасқан*, *зымыран*, *алаулау* деген сөздер не сол дәуір үшін, не қазіргі кезең үшін норма да, актив та емес. Олар Махамбеттен өзгелерде ақын қолданған ұғымда кездеспейді. Бұлардың бірсыпырасының білдірген мән-мағынасын біз сөздердің қолданылу тарихына арналған бір еңбегімізде бұрынырақ көрсеткен болатынбыз: *ереуіл*- монғол сөзі, мағынасы «тың, күшті», бұл контексте жорыққа алып шығатын қосалқы атты білдіреді. Қалықпан- құстың, ірі жыртқыш құстың аты, түбірі-қалық – көне түркі тілдерінде «аспан» деген мағынаны білдіретін сөз, ол Махамбет тектінде мықтылықтың, айбарлылықтың символы.

Сол сияқты Дулат, Шортанбайларда *мәт*, *жолан*, *мұза*, *топырыш*, *кегеже*, *әкпіш*, *ырғын*, сөздері де көп үлгілерге ортақ, әдеби нормадағы элементтер емес. Оларды қаламгердің өзі жасаған жаңа сөздер деуге де болмайды. Сол сияқты Шортанбай текстеріндегі *көксім*, *шернеу*, *селебе* (мұнда ол «кылыш», «пышақ» дегенді білдіреді) сөздері де көпшілікке таныс емес. Қазақтың ескі жазба әдеби тіліне тән кейбір сөздер мен тұлғалар бұл кезең ақындарында кездесіп отырады. Мысалы: Кетпей де нешік етермін (Махамбет). Амалым нешік құдайға (Шортанбай) Мұндай сирек сөздердің кездесу фактісі – XIX ғасыр ақындарының тіл байлығын сарқа пайдалана білгендіктерінің белгісі. Әсіресе, образ үшін *толағай*, *қалықпан*, *жолан*, *топырыш*, *ылат*, *мәт*, тәрізді сөздерді кәдеге асырулары – ізденістің, тілдегі шығармашылық әрекеттің куәсі.

Сөз болып отырған кезеңдегі лексика құрамында кездесетін жергілікті ерекшеліктердің көрінісіне келсек, мыналарды айтуға болады. XIX ғасырдың I жартысында қазақ даласының батыс аймақтарынан шыққан адамдартілінде қазірде әдеби нормаға жатпайтын біраз сөздер бар. Олардың бірқатары бір кезде Қазақстанның көптеген өлкелерінде жиі қолданылып, жергілікті элементке кейін айналғандар. Мысалы: «ел», «жұрт», мағынасындағы байтақ сөзі – көбінесе эпостық жырлармен батыс аймақтарынан шыққан ақындарда кездесетін диалектілік архаизм. Бұл күнде сой сөзін «ата тек, нәсіл» мағынасындағы батыс говорларына тән диалектілік сөз деп жүрміз. Ол өткендегі «батыс» ақындарына да жиірек қолданылған. Мен ақ сұңқар құстың сойы едім. Мен кескекті ердің сойымын (Махамбет).

Махамбет, Шернияз, Алмажан, Байтоқ, Жанұзақтарда кездесетін *шандоз*, *зәуде*, *жігі жапар болу*, *сыңайы*, *жандасу*, *қасқару*, *жұрт сұрау*, сөздері қазірде қазақ тілінің батыс говорларына тән диалектизмдер қатарында қаралады. Сондай-ақ 19-ғасыр әдеби үлгілерінің текстерінен қазірде оңтүстік-шығыс говорларына тән бірқатар сөздерді табамыз. Мысалы: Шортанбайда шата сөзі (әкесі белгісіз бала), бошалаң (бос, ынжық), бияпыр т.б. сөздер кез-

деседі. Бұл көрсетілген сөздер қазіргі қазақ лексикасының әдеби нормасы бойынша диалектизмдер болып саналғанмен, олар өткен дәуірлерде әдеби тіл элементтеріне жатады. Өйткені ұлттық жазба тіл қалыптасқанға дейінгі әдеби тіл нормасын жасауға сол тілдің барлық говорулары қатысады [«Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы». Оқу құралы. Алматы. 2002 ж.83-бет].

### Қорытынды.

Қорыта айтқанда, XIX ғасыр- қазақ көркем әдебиетінің қаулап дамыған кезеңі. Бұл күнде ақындар мектебі өмірден берік орын тебеді, әдеби жанрда бел алады. Ақындардың ішінде даңқтары қазақ даласының көп жеріне жайылғандары да, өз өлкесіне ғана танымал болғандары да бар, әлеуметтік-азаматтық тақырыптарды кеңінен жырлап, биікке көтерілгендері де, ауыл арасындағы қарым-қатынастарды жырлаудан аса алмағандары да болды. Қысқасы, қазақ қауымы XIX ғасырдың өң бойында жасап өткен едәуір көп сөз зергерлерін біледі. Бұлардың идеологиялық бағыттары мен дүниеге көзқарастары әр қилы болғаны түсінікті. Дегенмен көпшілігіне тең ортақ белгі – өмірге қоян-қолтық араласу, адам мен қоғам тіршілігін жырлау, айналаны сөз ету болды. Жалпы өсиет сөз айтатын дидактикалық толғаулар ығысып, орнын кең әлеумет өмірінен бастап, тар аумақтағы күнделікті тұрмыс жайтарына дейінгі тақырыптарды жырлаған өлеңдер басады. Соған лайық көркем әдебиет тілі де белгілерге ие болады.

Араб-парсы сөздік қабаты барлық ақындарда бірдей емес, олар Махамбет, Шернияз, Алмажан, Шөже, Орынбай, Нысанбай т.б өлеңдерінде өте аз, барлары халық тілінде қалыптасқандары. Бұл осы ақындардың тақырыптарына да байланысты: халық көтерілісін, немесе сол көтерілістің басшыларын, я болмаса қара басының хал-жағдайын сөз еткен өлеңдерде араб парсы сөздері көбірек ұшырайды. Мысалы: Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» деген өлеңінде бірде-бір кірме сөз жоқ. Араб-парсы сөздерінің аз-көп қолданылуы авторлардың сауаттылығына да байланысты болады. Дулат, Шортанбай Махамбет сияқты ақындар мұсылманша сауатты болған адамдар. Ал мұсылманша хат танығандардың араб-парсы тілдерінен азды-көпті хабары болатыны даусыз. Сондықтан бұлардың қаламынан шыққан дүниелерде шет тілдік элементтердің, оның ішінде жалпыхалықтық сөйлеу, тілінен енгендерден өзге сөздердің ұшырауы заңды. Мысалы: Дулат, Шортанбайларда кәнігі халық тіліне сіңген араб-парсы сөздерінен өзге *шафағат, кәләл, фурқан, гафил, муһмин, әдәәм* сияқты сөздер бар. Оның үстіне қазақ тіліне бұрын еніп, фонетикалық жағынан қазақыланып кеткен сөздердің өзі Дулат, Шортанбай текстерінде түркі тіліне жақындастырып берілген. Мысалы: *азан, әділ, әдет, ашып, халал, араб, адал, ақыл* т.б.

Демек көптеген араб-парсы сөздерінің, әсіресе архаизмдердің қазақ тілінде сыртқы тұлғасы жағынан дублеттік қатар түзіп өмір-ғұмыр сияқты қолданылуыын айтамыз. Өткен кезеңдердегі қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерін екі топқа бөліп талдауға болады. Бірі- мұсылманша діни ұғымдарды білдіретін сөздер тобы, екіншісі- діни ұғымға қатысы жоқ сөздер. «Діни» лексика әсіресе дінді арнайы сөз еткен немесе оны үгіттеген қаламгерлерде көбірек кездесетіндігі түсінікті. Ол – өзінің идеологиялық көзқарасында мұсылманшылыққа иек артқан ақын. Оның сараң адамға берген анықтамасы «Малдан зекет бермеген, Аузына құдай кірмеген» деп келеді, «Жаббардың екі болмайды, Әмір қылған жарлығы» деп ақиқатты еске сала кетеді [Бизақов С. Варианттылық және әдеби норма. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, 13-бет].

Жазба әдеби тілдің дамуындағы заңдылықтардың бірі өзге тілдерден сөз алу сипатында көрінеді. Ауызша дамыған әдеби тілдің лексикалық қабатында да кірме сөздер бар болатын, олардың негізі халықтың сөйлеу тілінде әбден қалыптасқандар болып келеді. Ал XIX ғасырдың орта тұсынан бастап, әсіресе Дулат, Шортанбай сияқты қаламгерлер тілінде араб-парсы сөздерінің бірқатары жазба әдебиет пен оқу-білім арқылы енген элементтер екені байқалады. Олардың ішінде әсіресе мұсылман дініне, оқу білімге қатыстылары молырақ орын алған және едәуір бөлігі халық тілінде қалыптасқан тұлғасынан гөрі, жазба тілдегі түрінде берілген. Бұл жаңа бағыт- принциптердің едәуірі сапалық құбылыстар ретінде жазба әдеби тілге тән сипаттарды білдіреді. Олар XIX ғасырдың 60-70 жылдарында айқын көрініп, тарих

сахнасына келген қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің іргетасын қалап, оның заттық, тілдік-стильдік негіздерін жасады[Тебегенов Т.«Әдебиет тарихының мәселелері». Алматы. 1998 ж. 36-бет].

**Әдебиет тізімі**

- Сыздықова Р. XVIII-XIX ғ.ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1984. – 247 бет.
- Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы «Арыс» баспасы, 2004. – 613 бет.
- Бизақов С. Варианттылық және әдеби норма. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2001. – 51 б.
- Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы, 2-кітап: Оқу құралы. – Алматы:Қазақ университеті, 2002. – 455 б.
- Тебегенов Т. Әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы, 1998.